



Бекітсемін.

Нұра ЖББМ директоры  
С.К.Бердешова

**«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары» мен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы Нұра жалпы білім беретін мектебі

Топ «Айгөлек» шағын орталығы

Балалардың жасы: 2 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: Қыркүйек айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p><b>Негізгі қимыл түрлерін жетілдіру.</b> Әртүрлі бағытта және берілген бағытта шеңбер бойымен қолдарын әртүрлі қалыпта ұстап жүреді; Шағын топпен және бүкіл топпен қарқынды өзгертіп жүреді, белгі бойынша тоқтап жүреді, жүруде тепе-тендікті сақтайды.</p> <p><b>Жалпы дамытушы жаттыгулар.</b> Қолдың білектерін, иық белдеуінің бүлшық еттерін дамытуға және нығайтуға арналған жаттыгулар. Қолды алға, жогары, екі жаққа көтеру, қолды кеуде түсында айқастыру және екі жаққа жазу. Қолды артқа қою, оларды бүгіп, жазу. Қолды шапалактау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бұту және ашу.</p> <p><b>Қимылды ойындар.</b> Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұнды қарапайым қимылды ойындар ойнауга ынталандыру.</p> <p><b>Спорттық жаттыгулар.</b> Велосипед тебу: ұш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінсіз түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету.</p> <p><b>Дербес қимыл белсененділігі.</b> Ересектердің бақылауымен ойын әрекеттерін (спортық, би) орындауга, қимыл белсененділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрын менгерген қимылдарды өз бетінше орындауга ықылас танытуға баулу.</p> <p><b>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру.</b> Ересектердің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатын сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.</p>

		<p>ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатын сұрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру.</p> <p><b>Сауықтыру-шынықтыру шаралары.</b> Балаларды топта женіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза аудада болу үзақтығын қамтамасыз ету.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p><b>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.</b> Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету.</p> <p><b>Сөздік қорды қалыптастыру.</b> Балалардың сөздік қорын: Ойыншық, киім, аяққім, ыдыс, жиһаз, көкөніс пен жеміс, үй жануарлары мен олардың төлдерінің атауларын, көлік құралдарын және жеке бас гигиенасты білдіретін зат есімдермен.</p> <p><b>Тілдің грамматикалық құрылымы.</b> Балаларды зат есімнің көпше түрін қолдануға, сын есімді зат есіммен, етістіктің өткен шағымен байланыстыру, сөз тіркестерін құра білуге үйрету.</p> <p><b>Байланыстырып сөйлеу.</b> Ересектердің сөзін түсінуге, шағын әңгімелерді көрнекі сүйемелдеусіз тыңдауға, қарапайым сұрақтарға (Кім? Не? Не істейді?) және негұрлым құрделі (Не әкелд і? Кімге әкелді? Қашан әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
	Көркем әдебиет	Балаларды бесік жырларын, халық әндерін, ертегілерін, авторлық шығармаларды тыңдауға үйрету.
	Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыру, ауызша нұсқау мен үлгіге сүйене отырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістіктік үйлесімділігін дамыту.
	Құрастыру	Балаларды ойын барысында үстел үсті және еден үсті құрылым материалдарымен (текшелер, кірпіштер, үш қырлы призма, пластина, цилиндр), жазықтықтағы құрылыштың орналасу нұсқаларымен таныстыру.
	Сурет салу	Балалардың бейнелеу әрекетіне деген қызығушылығын ояту, көркемдік қабылдаулатарын дамыту.
	Мүсіндеу	Балалардың сазбалшық, ермексаз және оның

		қасиеттері туралы білімдерін қалыптастыру, сазбалышықты дұрыс қолдануды жетілдіру.
	Жапсыру	Жапсыруға қызығушылықты ояту.
	Музыка	<p><b>Музыка тыңдау.</b>          Музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көніл күймен қабылдау, оны тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p><b>Ән айту.</b>          Ән айтуда деген қызығушылықтарын ояту, жекелеген сөздер мен буындарды айтуда, педагогтің дауыс ыргағына, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып, ересекпен қосылып ән айтуда.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қимылдар.</b>          Музыканың сүйемелдеуімен қол ұстасып журу және жүгіру дағдыларын шеңбер бойынша қалыптастыру.</p>
	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.	«Мен» бейнесі. Есімін атағанда жауап беру, өзін айнадан және фотосуреттерден тану.